

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**Қоғам және мемлекет қайраткері, «Алаш» қозғалысының көшбасшысы,  
«Алашорда» автономиялық үкіметінің төрағасы  
Әлихан Бөкейхановтың 150 жылдығына арналған  
«ЕУРАЗИЯНЫҢ ТҮРКІ ЖӘНЕ МҰСЫЛМАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ САЯСИ  
КӨШБАСШЫЛАРЫ: ТҰЛҒАЛАР, ИДЕЯЛАР, ТАҒДЫРЛАР.  
XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ»**

**атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның**

## **МАТЕРИАЛДАРЫ**

**30 қыркүйек 2016 жыл**

## **МАТЕРИАЛЫ**

**Международной научно-практической конференции на тему  
«ПОЛИТИЧЕСКИЕ ЛИДЕРЫ ТЮРКСКИХ И МУСУЛЬМАНСКИХ НАРОДОВ  
ЕВРАЗИИ: СУДЬБЫ, ИДЕИ, ЛИЧНОСТИ. НАЧАЛО XX ВЕКА»,  
посвященной 150-летию видного общественного и государственного деятеля,  
лидера движения «Алаш», председателя правительства автономии «Алашорда»**

**Алихана Бокейханова**

**30 сентября 2016 года**

**Алматы 2016**

## ҒЫЛЫМҒА ТЫҢНАН ТҮРЕН САЛҒАН ҒАЛЫМ (ҚОЙГЕЛДИЕВ МӘМБЕТ ҚҰЛЖАБАЙҰЛЫ ЖӨНІНДЕ)

**Мұқаметханұлы Нәбижан** – *әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Шығыстану факультеті Қытайтану кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор*

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта қоғамдық ғылымдар, соның ішінде тарих ғылымы айтарлықтай дамып келеді. Дамып келеді дейтініміз, отандық тарих ғылымының көк жиегі кеңейіп, салалары ашылып, деректік базасы молайып, зерттеу деңгейі биіктеп, жаңаша ғылыми тарихи көзқарас пен танымды қалыптастырды немесе қалыптастырып келеді. Егер Советтік кезеңмен салыстырсақ, отандық тарих ғылымы сипатының өзгергенін және сөу жолына түскенін анық байқаймыз. Кез келген ғылымның дамуы ұжымдық еңбектің нәтижесі дейміз ғой, дейтұрғанмен сол ұжымның ішінде жол бастайтын, жөн сілтейтін, тыңнан түрен салатын ғылым көшбасшылары болмаса, зерттеуден жаңалықтар жарыққа шықпайты тағы бар.

Тәуелсіздік қарсаңында отандық тарих ғылымында кәсіби тұрғыдан жетілген, ғылыми ой-өрісі кең, құндылық талғамдары анық бірқатар тарихшы ғалымдар шоғары болды, солардың бірі және бірегейі Мәмбет Құлжабайұлы Қойгелдиев еді. Бұлай дейтініміз, М.Қойгелдиевтің отандық тарих ғылымына әкелген жаңалықтары, оның таңдаған тақырыптарымен, зерттеген мәселелерімен анықталады. Әсіресе, оның зерттеу ұстанымдары, қортынды тұжырымдарының ғылымилығы және практикалық құндылықтарының биіктігінен байқалады. Ғылыми критерийлердің қай-қайсымен өлшесеніз де ол кісінің ғалымдық биік деңгейін байқайсыз. Бұл, әрине ғалымның тәуелсіз Қазақстанның тарих ғылымын қалыптастырудағы жауапкершілігі мен жанкешті еңбекқорлығында көрінісі. Олай болса, сипаттамамыздың нақты дәлелдерін келтіріп көрейік.

Алдымен ғалымның жариялаған ғылыми зерттеу еңбектерінің ең маңыздыларын мысалға келтірсек: «Алаш қозғалысы» (Алматы: «Санат». -1995, 368 б.); «Алаш қозғалысы» (Алматы: «Мектеп». Өңделіп толықтырылған нұсқасы, бірінші том. - 2008, 480 б.); «Жетісудағы Ресей билігі /XIX ғ.-1917 ж./» (Астана: «Елорда». 2004, 216 б.); «Ұлттық саяси элита» (Алматы: «Жалын». -2004, 400 б.); «Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920-1940-х годов» (Алматы, 2009, 400 с.); «Қазақ елі: ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күрес /XIX ғ. – XXI ғ. басы/» (Алматы: «Дәуір». – 2014, 432 б.) т.б. Осы монографиялардан М.Құлжабайұлының негізгі зерттеу хронологиясының XIX ғасырдан қазірге дейінгі мезгілді қамтып жатқанын байқаймыз. Ал зерттеу нысаны – қазақ тарихындағы ең өзекті мәселелерге, ұлт тағдырына саяғын саяси, әлеуметтік және мәдени проблемалар мен қазақ қоғамының Ресей, Советтік билікпен күрделі байланыстары. Бұл мезгілде қазақ қоғамында түбегейлі өзгерістер орын алды: Қазақ хандығы жойылды, Алаш партиясы мен Алашорда үкіметі таратылды, қазақ халқы қолдан жасалған аштықтан қырылды, төңірекке босып кетті, елдің саяси және мәдени элитасы жанышталды, жастары соғыстан қансырады. Бірақ сонда да халқымыз ұлт ретінде жойылып кетпеді, рухы да өшіп қалмады, қайта жанданды, ақыры өткен ғасыр соңында тәуелсіздікке қол жеткізді, шүкір дедік.

Соңғы екі ғасырда қазақ тарихындағы ең маңызды қоғамдық ой-сана мен қозғалыс, тәуелсіздік идеясы мен ұлт-азаттық қозғалысы болғанын, оның ең жоғары деңгейдегі көрінісі - Алаш идеясымен Алаш қозғалысы екенін М.Қойгелдиевтің аталған монографияларынан білдік, түсіндік. Ғалымның бізді қатты қызықтыратыны да, сүйіндіргені де оның осындай аса күрделі әрі өзекті тақырыптарды зерттеуге тәуелсіздіктің алдында барғаны. Кәсіби тарихшылар жақсы түсінеді, мұндай маңызды да, күрделі мәселені зерттеуге, әсіресе, сол заманда барудың өзі – зерттеушінің кәсіби дайындық деңгейі мен ұлтына деген үлкен сүйіспеншілігін білдіретін батылдық.

Бақсақ, Мәкең осындай ауыр жүкті арқалауға, үлкен ғылыми миссияны орындауға атадан дарыған қасиеті, мектептен алған біліммен өзара үйлесімділік тапқаны байқалады.

Мәмбет Құлжабайұлы 1946 жылы 18 тамызда Жамбыл облысы Шу ауданы Масақ-Ақтөбе ауылында (бұрынғы «Коммунизм» совхозы) қарапайым шаруашы отбасында өмірге келген. 1962 жылы қазақ орта мектебін бітіріп совхозда екі жыл механизатор болып еңбек еткен. 1964 жылы Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетінің тарих факультетіне түсіп, оқуды 1968 жылы тарихшы мамандығы бойынша бітіріп, Шу ауданындағы Қ.Сәтбаев атындағы орта мектепке барып тарих, орыс тілі және әдебиет пәндерінен дәріс берді. 1971 жылы Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағатында ғылыми қызметкер, одан Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық университетінде оқытушы болып істеді. 1974-1977 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық

Халидуллин Г., Найманбаев Б.Р. Взгляды А.Букейханова на участие казахов в деятельности Думы и Учредительного собрания.....	115
Урашев С.А. Алихан Букейханов об организации аульных школ в Казахстане.....	119
Кудайбергенова Ж.А. История присоединения Казахстана к Российской империи в исследованиях А. Букейхана.....	122
Далаева Т.Т. Алихан Букейханов о выборах казахских волостных управителей в начале XX века.....	125
Нұрман Ш.Т. Әлихан Бөкейханов қазақ кәсіпшілігі жөнінде.....	129
Сүлейменова Д.Д. Батыс Алашорда қайраткері – Күсепқалиев Дәулетшах.....	132
Мекебаев Т.Қ., Құмғанбаев Ж.Ж. Алаш зиялылары: ұлттық тәуелсіздік идеясының қалыптасуының кейбір мәселелері.....	136
Төлекова М.К. Ораз Жандосовтың Қазақстанда халық ағарту ісі мен мәдениетті өркендетудегі қызметі.....	140
Сутеева Х.А. Стратегия и тактика деятелей Туркестанской администрации России – К.П.Кауфмана И Г.А. Колпаковского по отношению к событиям в Западном Китае в 60-80 гг. XIX века.....	145
Ілиясова К.М. Әлихан Бөкейхан бастаған ұлттық интеллигенция және 1916 жылғы оқиғалар.....	149
Қоңыратбаев О.М. Қазақтың тарлан ұлдары – Әлихан мен Тұрар (Қысылтаян заманда бір-біріне тірек болған тұлғалар).....	154
Отарбаева Г.К. Ұлт зиялылары және Түркістан өлкесіндегі ұлттық қозғалыс.....	158
Тулбасиева С.Қ. XX ғасырдың I жартысындағы қазақ зиялыларының жер мәселесі туралы көзқарастары мен ұстанымдары.....	160
Оспанова Р.Р., Бекбаева Т.А. Халел Досмұхамедұлы және Алаш қозғалысы.....	166
Тәнекеев С.Н., Джолдыбаева У.М. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс және ұлт зиялылары.....	169
Жалмагамбетов Е.А. Қызылорда қаласының астаналық кезеңіндегі қазақ зиялыларының қызметі.....	172
Ашербекова А.М. Жаңа зайырлық жәдидшілдік бағыттағы ағартушысы – Ахмет Жанталин.....	176

## II-СЕКЦИЯ

### ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ ЖӘНЕ ҰЛТ ТАРИХЫНЫҢ БҮГІНГІ

#### МӘСЕЛЕЛЕРІ

#### АЛИХАН БУКЕЙХАНОВ И СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИСТОРИИ

Омарбеков Т.О. Әлихантануды негіздеуші.....	180
Мұқаметханұлы Н. Ғылымға тыңнан түрен салған ғалым.....	183
Кәрібаев Б.Б. Ұстаз, ғалым, қайраткер (Мәмбет Құлжабайұлы Қойгелдиевтің 70 жылдығына орай).....	187
Тілеубаев Ш.Б. Ұстанымы биік ұстаз-ғалым (Қойгелдиев Мәмбет Құлжабайұлының ғылыми ұстанымы мен көзқарастары жөнінде).....	191
Қали Сәрсенбай Храпуновтың қалпағын қайырып жіберген ғалым.....	199
Мырзатаева З.Б. Ащысай кеншілерінің XIX ғасырдағы тарихынан.....	203
Белоус С.Г. О Сибирском друге Алихана Букейханова.....	207